

"Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 960 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 553 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 1182 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.10 № 1182 (01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 960 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Уақытша бос ақша қарыз алушылары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін калпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) қатысатын екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған жағдайда, екінші деңгейдегі банкті таңдау оның кәсіпорындарды сауықтыруға қатысуының Сауықтыру жөніндегі кеңес ұсынымдарына сәйкес айқындалатын дәрежесін ескере отырып жүзеге асырылады.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*